



ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta_eltilegi@mail.ru

№14 (974) Сәрсенбі 15 сәуір 2026 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕР ҚАРАЛДЫ

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімінің бірінші орынбасарының төрағалығымен мәжіліс өтіп, онда 2026 жылдың қаңтар-наурыз айларының әлеуметтік-экономикалық дамуы мен бюджеттің атқарылу қорытындылары қаралды.

Алғашқы тоқсандағы макроэкономикалық көрсеткіштерді талқылау бойынша қала әкімдігіндегі жиында шаһар басшысы Нұржан Ахатов бұл бағыттағы жұмыстарды ширату қажеттігін алға тартып, тиісті сала жетекшілеріне тапсырмалар жүктелді.

3 айда негізгі макроэкономикалық көрсеткіштер бойынша оң динамика қалыптасты. Бюджет кірістерінің жоспары 2026 жылдың I-ші сәуіріне 102,1 пайызға орындалып отыр.

Аймақ басшысы салық базасын ұлғайту бойынша нақты тапсырмалар жүктелді. Бүгінгі күні қала аумағында тұрғындардың мүлік және көлік құралдары бойынша берешек қалыптасқан. Бұл – жергілікті бюджет кірістерінің

орындалуына тікелей қатысты. Бюджет түсімінің өсімі бірінші кезекте жеке бизнес қызметін заңдастыру, инвестиция тарту, нақты салықтық базаны анықтау арқылы қамтамасыз етіледі. Осыған байланысты жұмысты жедел үйлестіруді тапсырамын, - деді Нұржан Сәбитұлы.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы вирустық инфекциясының алдын алу жайы да қаралды. Қазіргі таңда қала көлеміндегі санитариялық-қорғаныш аймақтарында және буферлік зоналарда кенеге қарсы өңдеу жұмыстары жүргізілуде. Әсіресе, саяжайлар мен ауылдық округтерде мал қора-жайларды механикалық тазалау атқарылуда. Жиында шаһар басшысы бұл бағыттағы шараларды күшейтуді міндеттеді.

ЖАҢА ҚЫЗМЕТКЕ ШЫҒАРЫП САЛДЫ

Қала әкімі Нұржан Ахатовтың төрағалығымен өткен мәжілісте әріптестері қала әкімінің орынбасары қызметін атқарған Ділмұхамед Абизовты жаңа қызметке шығарып салды. Шаһар басшысы Ділмұхамед Мінүәрбекұлының адал қызметі мен білім-біліктілігін атап өтіп, оған алғыс білдірді.

- Ділмұхамед Мінүәрбекұлы қызмет барысында өзі жетекшілік жасайтын салалардың жұмысын жүйе елеп, тапсырылған міндеттерді жоғары деңгейде атқарды. Қаланың әлеуметтік-экономикалық, мәдени-рухани дамуына өз үлесін қосты, - деді Нұржан Сәбитұлы.

Ділмұхамед Мінүәрбекұлына Қызылорда қаласының ең жоғары марапаты - «Құрмет грамотасы» табысталды. Қала әкімі оның алдағы қызметіне сәттілік тіледі.

Сондай-ақ, жиында қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы таныстырылды.



Бұл лауазымға Әнуэр Айдын Серікұлы тағайындалды. Айдын Серікұлы 1990 жылы Қызылорда облысында дүниеге келген. Білімі жоғары. Қорқыт Ата

атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін «Құрылыс», Алматы гуманитарлық-экономикалық университетін «Мемлекеттік және аймақтық басқару»

мамандықтары бойынша бітірген. Еңбек жолын 2008 жылы «СКА СтройПроект» ЖШС-де техник-жобалаушы болып бастаған. 2011-2020 жылдары аралығында түрлі мекемелерде бас инженер, директор, 2020-2025 жылдары аралығында Қармақшы аудандық құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы, Қызылорда облысы жұмылдыру дайындығы басқармасының «Жұмылдыру және шұғыл жұмыстар орталығының» басшысы, қалалық құрылыс бөлімінің басшысы, Қармақшы ауданы әкімінің орынбасары қызметтерін атқарған. 2025 жылдың маусым айынан осы кезге дейін қалалық құрылыс бөлімінің басшысы қызметін атқарып келді.

Айдын Серікұлы мемлекеттік қызметте жемісті еңбек етіп, сатылап өскен білікті де, тәжірибелі маман. Тапсырманы тиянақты орындайтын жауапкершілігі мол азамат. Сондықтан әлеуеті жоғары кадр ретінде өз жұмысын кәсіби деңгейде атқарады деп сенемін, - деді қала әкімі.



«ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

6 айға – 4502 теңге 22 тиын

БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАҢДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:
8 705 982 76 61,
8 777 752 54 63.

МЕКТЕП КЕШІНЕ ҚАРАЖАТ ЖИНАЛМАЙДЫ

Оқу-ағарту және Ішкі істер министрліктері жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп орта білім беру ұйымдарында мектеп бітіру кештерін өткізуге байланысты талаптарды нақтылады.

Биыл аттестаттарды табыстау рәсімі тек білім беру ұйымдарының ғимараттарында ұйымдастырылады.

«Білім алушылардан, олардың ата-аналарынан немесе заңды өкілдерінен қаражат және өзге де материалдық құндылықтарды жинауға қатаң тыйым салынады. Белгіленген талаптарға сәйкес, бітіру кештерін білім беру ұйымдарынан тыс жерлерде ұйымдастыруға жол берілмейді. Жергілікті атқарушы органдарға қаржылық шығындарды талап етпейтін тәрбиелік және мәдени-ағартушылық іс-шараларды ұйымдастыру және түсіндіру жұмыстарын жүргізу тапсырылды» делінген Оқу-ағарту министрлігінің хабарламасында.



МАМЫРДА – 14 КҮН ДЕМАЛЫС

Мамыр – шын мәнінде мереке айы. Биыл мамыр айында 14 күн демалыс болайын деп тұр.


2026 жылғы мамыр айында қазақстандықтар бірқатар мерекелерді атап өтеді.

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні. Биыл бұл күн жұмаға сәйкес келеді. Бес күндік жұмыс аптасы бар азаматтар 1-3 мамыр аралығында (жұма, сенбі, жексенбі) үш күн қатарынан демалады.

7 мамыр – Отан қорғаушылар күні. Бұл күн бейсенбіге түсіп, бір күн демалыс беріледі.

9 мамыр – Жеңіс күні. Бұл мерекеде демалыс үш күнге созылады: 9-11 мамыр (сенбі, жексенбі, дүйсенбі). Сенбідегі демалыс күні дүйсенбіге ауыстырылады.

Сонымен қатар, 27 мамыр – Құрбан айт мерекесіне орай қосымша демалыс күні беріледі (сәрсенбі). Осылайша, 2026 жылғы мамыр айында қазақстандықтар: бес күндік жұмыс аптасында – 14 күн, алты күндік жұмыс аптасында – 12 күн демалады.



«АБЗАЛ И К» КОМПАНИЯСЫ КҮРІШ ӨҢДЕУ ЗАУЫТЫН ІСКЕ ҚОСТЫ

Мемлекет басшысының Жолдауында экономиканы жаңғыртудың негізгі бағыты ретінде цифрландыру мен жасанды интеллект технологияларын енгізу айрықша атап өтілген болатын. Осы бағыттағы жұмыстар өңдеу өнеркәсібінде нақты нәтижесін беріп, соның бір айқын мысалы ретінде «Абзал и К» компаниясы толық автоматтандырылған жана күрiш өңдеу зауытын іске қосты.

Өткен жылы аймақ басшысының бизнес өкілдерімен бірлесіп Қытайға жасаған іссапары нәтижесінде компания қытайлық серіктеспен келіссөздер жүргізіп, құны 1 млрд теңгені құрайтын күрiш өңдеу зауытын іске қосты.

Нәтижесінде өндірістік қуаттылық 2,5 есеге ұлғайып, күрiшті өңдеу барысында пайда болатын қалдық көлемі 3-4 пайызға дейін қысқарды. Зауыт сағатына 12 тонна күрiш өңдейді және толық цифрлық басқару жүйесі мен қалдықсыз технологияға негізделген.

Сонымен қатар, кәсіпорын күн электр станциясы арқылы

энергиямен қамтамасыз етіліп, «Green Rice Complex» жобасын іске асыруда. Заманауи зертхана күрiш сапасын 60 секунд ішінде автоматты түрде анықтап, ақаулы және сынған дәндерді дәл айқындайды.

Жалпы, «Абзал и К» компаниясының жана өндірістік жобасы – цифрландыру мен инновациялық технологияларды тиімді енгізудің жарқын үлгісі. Бұл өз кезегінде отандық өңдеу өнеркәсібінің бәсекеге қабілеттілігін арттырып, экспорттық әлеуетін күшейтуге оң ықпал ететіні сөзсіз.



ТАРАПТАР ӨЗАРА КЕЛІСІМГЕ КЕЛДІ

Талап қоюшы Б.-мен мен жауапкер жеке кәсіпкер «А» арасында ағылшын тілі бойынша жеке сабақтар форматта білім беру шарты жасалып, талап қоюшы оқу бағдарламасын 360 000 теңгеге несие рәсімдеп, сатып алған.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, онда жауапкердің шартта көзделген талаптарды бұзғанын, оқу уақытын хабарламай өзгерткенін көрсетіп, төлеген оқу ақысын өндіруді сұрады.

Сотта жауапкердің өкілі шарттың талаптарын бұзғанын мойындап, оқу ақысы мен сот шығындарын қайтаруға келісті. Осылайша, тараптар сотта дау бойынша өзара келісімге келді. Сот ұйғарымымен тараптар арасындағы

татуласу келісімі бекітіліп, азаматтық іс бойынша іс жүргізуден тоқтатылып, талап қоюшыға мемлекеттік баж қайтарылды.

Қызылорда қалалық соты





ӨРТТІҢ АЛДЫН АЛУҒА ДАЙЫНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ ПЫСЫҚТАЛДЫ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Үкімет отырысы өтті. Күн тәртібінде өрт қаупі күшейетін кезеңге дайындық мәселесі қаралды. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов селекторлық режим арқылы қатысты.

Аймақта 7 млн 300 мың гектар мемлекеттік орман қоры бар. Осы жылы «Орман және дала өрттерінің туындау тәуекелдерін азайту жөніндегі арнайы іс-шаралар жоспары» бекітіліп, комиссия отырыстары өтті. Өңірлік төтенше жағдайлар департаментінің 16 бөлімінде 106 өрт сөндіру техникасы, 9 дрон аппараты бар және 634 қызметкер жұмыс істейді. Орман шаруашылығы мекемелерінде 17 өрт сөндіру автокөлігі, 13 дрон, 15 өрт бақылау мұнарасы және 65 тұрақты өрт сөндіру жасағы дайын.

Соңғы төрт жылда облыстық бюджеттен бөлінген 2 млрд 61 млн теңгеге 130 арнайы техника және 200-ге жуық құрал-жабдық сатып алынды. Биыл

облыстық бюджеттен лизинг бағдарламасы арқылы 2 млрд 816 млн теңге қарастырылған. Орман қоры жеріне 283 шақырым жана өрт жолдары салынып, 6 мың шақырым ескісі қалпына келтірілуде.

Жыл басынан бері облыста 375 өрт оқиғасы тіркелді. Оның 17-сі мемлекеттік орман қоры жерінің 608 гектарын қамтыды, 3 өртке кінәлілер анықталып, олар әкімшілік айыппұл төледі және табиғатқа келтірілген залал толық өндірілді.

Өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және алдын алу мақсатында 158 адам 17 мобилді топқа біріккен, рейдтер тұрақты жүргізілуде. Өңірдегі 124 мың тұрғыны бар 90 елді мекенде 34 өрт сөндіру бекеті жұмыс істейді, 2 мыңға жуық адамнан құралған 137 ерікті топ бар.




СЫР ЕЛІНДЕ БӘЙГЕДЕН ҚАЗАҚСТАН ЧЕМПИОНАТЫ ӨТТІ

Қызылорда қалалық ипподромында бәйгеден Қазақстан чемпионатының I іріктеу кезеңі өтті. Жүйріктердің басты додасына еліміздің барлық аймағынан 150-ге жуық шабандоз қолтума құнан бәйге, құнан бәйге, топ бәйге, аламан бәйге, қолтума аламан бәйге бойынша бақ сынасты.

Оған облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев, ҚР Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің төрағасы Руслан Есеналин, ҚР Бәйге федерациясының вице-президенті Мұрат Әсербаев, ҚР Грек-рим еркін және әйелдер күресі федерациясының бірінші вице-президенті Дархан Сәрсенов, облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бақтияр Артаев арнайы қатысты.

Ардақ Зебешев ұлттық спортты дамытуда ат бәйгесінің ерекше маңыздылығына тоқталып, шабандоздарға сәттілік тіледі.

«Қазақ ұғымында жылқы қашан да тектіліктің белгісі саналады. Сондықтан да ат бәйгесі - көшпелі халықтың мәдени дәстүрінен тамыр тартағын ұлттық спорттың ең негізгісі. Бүгінде Сыр өңірінде 30 мыңға жуық спортшы ұлттық спортпен жүйелі түрде шұғылданып, халықаралық және республикалық жарыстарда топ жарып жүр. Олардың қатарында қазақ күресінен Ұлан Рысқұл, Мақсат Исағабалов, Нұрым Сәлімгереев, Еңбек Сақтағанов,



Руслан Теміржан, тоғызқұмалақтан Бексұлтан Бостандықов, алыш күресінен Назерке Әбілтайева, көкпардан өңір тарихында тұңғыш рет Әлем чемпионатында тарихи нәтиже көрсеткен Медетбек Балғынбек бар. Осы

ретте, ата-бабамыздан аманат болған ұлттық дәстүрді қастерлеп жүрген барша бапкерлерге, шабандоздарға және спорт жанашырларына зор алғыс білдіремін», - деді Ардақ Темірханұлы.

ТАБИҒИ ГАЗҒА ҚОСУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ



Қазалы ауданында елді мекендерді газдандыру жұмыстары қарқынды жүргізіліп келеді. Мәселен, 2024 жылы Абай ауылының тұрғындары көгілдір отынның қуанышына кенелсе, 2025 жылы Ақтан батыр ауылы газға қосылды.

Ал өткен жылы ауданға қарасты Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдақол және Ү.Түктібаев ауылдарына магистральды

газ желілері жүргізілген болатын. Бүгінде магистральды газ құбырларын тарту жұмыстары толықтай аяқталып, елді мекендерде орамшылқ газ желілерін жүргізу жұмыстары басталуда. Осыған орай, аудан әкімі Алмасбек Есмахановтың қатысуымен Жанқожа батыр ауылының табиғи газбен қамтамасыз ету жұмыстарының басталуына арналған салтанатты шара өтті. Жылында сөз алған аудан басшысы бұл жобаның ауыл тұрғындары үшін

маңыздылығын атап өтіп, тұрғындарды көптен күткен қуанышымен құттықтады.

– Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өз Жолдауында: «Ауыл – ел бесігі. Ауылдарды дамыту – мемлекеттің стратегиялық басымдығы» екенін атап өтіп, инфрақұрылымды жаңғырту, соның ішінде газ, су, жол мәселелерін шешу – басты міндеттердің бірі екенін нақты тапсырған болатын. Сыр өңірінде Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының ерекше қолдауымен, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың басшылығымен елді мекендерді сапалы инфрақұрылыммен қамту бағытында кезең-кезеңімен ауқымды жобалар жүзеге асып келеді. 2026 жылға аймақ басшысының қолдауымен Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдақол және Ү.Түктібаев ауылдарына орамшылқ газ желілері құрылысын бастауға республикалық бюджеттен 680 млн. теңге қаржы бөлініп, бүгін міне, елді мекендерге орамшылқ газ жүргізу жұмыстары басталуда.

Жалпы жыл соңына дейін аудан бойынша елді мекендерді газбен қамту көрсеткіші 78,5 пайызға жеткізу жоспарланып отыр. Алдағы уақытта Жанқожа батыр ауылы толыққанды көгілдір отынға қосылғаннан кейін, елді мекендегі 280 тұрғын үй мен 9 әлеуметтік нысан көгілдір отынға қосылып, 1600-ге жуық тұрғын көгілдір отынның қуанышына кенелмек. Тағы да ауылдағы кәсіпкерлік нысандар табиғи газбен қамтамасыз етілетін болады. Осындай қуанышты сәтте баршаңызды шын жүректен құттықтаймын! Ел игілігі жолындағы жұмыстарымыз берекелі болсын! Ауылымызға құт-береке, әр шаһыраққа жылу мен жайлылық тілеймін!», - деді аудан әкімі.



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП
Қауіпсіз Қазақстан үшін!

АКЦИЯ ӨТКІЗІЛУДЕ

Қызылорда қаласында 20 сәуірден бастап Республика көлемінде заңсыз сақтаудағы атыс қаруын, оқ-дәрілер мен жарылғыш заттарды сатып алу бойынша кезекті акция өткізілуде.

Акцияның мақсаты – азаматтардан заңсыз сақталған қару-жарақтар мен оқ-дәрілерді өтеміз түрде қабылдау болып табылады.

Тіркеуде жоқ атыс қаруын, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды өз еркімен тапсырған азаматтар қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершіліктен босатылады. Осыған орай, қала тұрғындарының назарына заңсыз сақтаудағы қаруларды, оқ-дәрілерді және жарылғыш заттарды полиция бөлімдеріне өткізіп, қарумен жасалатын қылмыстардың және төтенше оқиғалардың алдын алуға өз үлестеріңізді қосуға шақырамыз.

ТАРАПТАР МЕДИАЦИЯЛЫҚ КЕЛІСІМГЕ КЕЛДІ

Талап қоюшы сотқа жауапкерден ақша өндіру туралы талап қоюмен жүтінген. Іс құжаттарына сәйкес, тараптар ауызша келісімге келіп, жауапкер талап қоюшының үйінің сыртын құрылыс әрлеу жұмыстарын жүргізу міндеттемесін алған. Талап қоюшы құрылыс заттары үшін 2,3 млн. теңге несие рәсімдеген. Алайда, жауапкер бастаған жұмысын толық аяқтамай, міндеттемесін орындамаған.

Сот отырысында тараптарға дауды бітіммен аяқтау жөніндегі құқықтары түсіндірілді. Нәтижесінде, тараптар дауды өзара бітіммен аяқтау туралы келісімге келгендерін көрсеткен. Оған сәйкес, жауапкер үйдің сыртын қаптау жұмыстарын келісілген уақыт аралығына дейін толық аяқтауға міндеттенді. Ал, талап қоюшы талабынан бас тартты. Сот ұйғарымымен тараптар арасында жасалған медиациялық келісім бекітіліп, азаматтық іс бойынша іс жүргізу тоқтатылды.

Қызылорда қалалық соты

ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚҚА ТАРТЫЛДЫ

Арал аудандық сотында Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 188-1-бабы 3-бөлігінің 2)-тармағы бойынша сотталушы Д-ға қатысты қылмыстық іс қаралды. Анықталғандай, сотталушы бұрын меншікке қарсы ауыр қылмыс жасағаны үшін сотталған бола тұра, тиісті қорытынды жасамай, бөтеннің малын жасырын ұрлау мақсатында азамат А.-ның үйінің ауласына қоршаудан секіріп түсу арқылы заңсыз



кіріп, мал қорасынан бір бас түйені жетектеп алып кеткен. Қылмыстық әрекет салдарынан жәбірленушіге 800 000 теңге мөлшерінде мүлкікті зиян келтірілген.

Сотталушының кінәсі оның мойындаған жауабымен, жәбірленуші мен куәнің жауаптарымен, іс бойынша басқа да дәлелдемелер жиынтығымен бекітілген. Сотталушы бұрын меншікке қатысты ауыр қылмыстық құқық бұзушылық жасаған, оған сотпен жеңіл жаза тағайындағанымен қорытынды шығармаған. Сот алдыңғы үкім бойынша жазаны өтеу барысында сотталушының бірнеше рет жаза өтеу тәртібін бұзып, екі рет бас бостандығын шектеу жазасын бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылғанын, жеке басы жақсы мінезделмейтінін ескерген.

Сот үкімімен сотталушы Д. ҚР ҚК-нің 188-1-бабы 3-бөлігінің 2) тармағымен кінәлі деп танылып, 5 жыл мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалды. Аталған баптың санкциясында 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы көзделген.

Арал аудандық соты

НЕГІЗСІЗ БАҒА СӨМАСЫ ӨНДІРІЛДІ

Байқоңыр қалалық сотында талап қоюшы М.-ның жауапкер А.-дан негізсіз баға сомасын өндіру туралы талап қоюы бойынша азаматтық іс қаралды. Анықталғандай, белгісіз тұлғалар талап қоюшыға хабарласып, банк шоттарына кибершабуыл жасалып, ақша ұрлауға тырысып жатыр деген желеумен оның сеніміне кіріп, банк шоттарындағы қаражаттарына қол жеткізіп, бірнеше онлайн несиелер рәсімдеген. Өрі қарай талап қоюшы өзінің банк шотындағы ақшаның бір бөлігін жауапкер А.-ға аударған.

Талап қоюшы өзінің интернет-алаяқтардың құрбаны болғанын кейін түсінгенін, азаматтық-құқықтық қатынастардың жоқтығына қарамастан, жауапкерге өз ақшасын аударғанын көрсетіп, негізсіз аударылған соманы жауапкерден өндіріп беруді сұраған.

Сот шешімімен жауапкерден талап қоюшының пайдасына 3 010 000 теңге негізсіз баға сомасы өндірілді.

Байқоңыр қалалық соты

ӘКІМШІЛІК ХАТТАМА РӘСІМДЕДІ

Қызылорда қаласының аумағында жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында профилактикалық жұмыстар тұрақты түрде жүргізілуде. Соған қарамастан, жекелеген жүргізушілер тарапынан өрескел құқықбұзушылықтар әлі де тіркелуде.

Мәселен, 30 жастағы «BA3-2114» автокөлігінің жүргізушісі Қызылорда қаласы Сол жағалау мөлтек ауданы, 5-ші квартал, 4-үй тұсында үздіксіз қос сызықты басып, қарсы бағытқа шығып көлік құралын басқарған.

Аталған дерек бойынша Қызылорда қаласы Полиция басқармасының патрульдік полиция қызметкерлері Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 596-бабы 3-бөлігіне сәйкес әкімшілік хаттама рәсімдеді.

Полиция қызметкерлері жол-көлік оқиғаларының алдын алу мақсатында күнделікті рейдтік іс-шаралар жүргізуде.

ТЕКСЕРУ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗДІ

Қызылорда қаласы Полиция басқармасы қоғамдық қауіпсіздік бөлімі Отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің инспекторлары және учаскелік полиция инспекторларымен бірлесіп «қорғау нұсқамасы» санатымен профилактикалық есепте тұрған азаматтардың мекен-жайлары бойынша тексеру жұмыстарын жүргізді. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтардың алдын-алу мақсатында, профилактикалық мәнде түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, құқықтық көмектер көрсетілді.

Іс шараның мақсаты – құқық бұзушылықтың алдын алу, тұрмыстық зорлық-зомбылық деректерін анықтау. Егер тұрмыстық зорлық-зомбылық деректері анықталса дереу “102” номеріне хабарлауларыңызды сұраймыз.

АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотында Е.-ге қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қаралды. Анықталғандай, Е. дәрйхана ішінде қызметте тұрған азаматша А.-ға былайып сөздер айтып, қоғамдық тәртіпті бұзып, айналасындағыларға сыйламаушылықты білдіретін әрекеттер жасаған.

Сот отырысында Е. өзінің кінәсін мойындап, кешірім сұрайтынын, алдағы уақытта қайталамайтынын көрсетті.

Сот қаулысымен Е. Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 434-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, оған 60 550 теңге әкімшілік айыппұл салынды.

Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған соты



ЗАҢ МЕН ТӘРТІП Қауіпсіз Қазақстан үшін!

ПОЛИЦЕЙ ЕКІ ЖАСӨСПІРІМДІ ӨРТТЕН ҚҰТҚАРЫП ҚАЛДЫ

Қызылорда қаласында полиция қызметкері өрт кезінде батылдық танытып, екі жасөспірімді аман алып қалды. Ведомствоның ресми сайтындағы мәлімет бойынша, оқиға бүгін, 14 сәуірде шамамен сағат 10:30-да болған. Қызылорда облысының мамандандырылған күзет қызметі басқармасының взвод командирінің көмекшісі, бөлімше командирі Нұржан Нағашыбай батальон командирімен бірге қызметтік автокөлікпен Қазыбек би көшесі бойымен облыстық прокуратураға қарай бағыт алған.

Осы сәтте ол көпқабатты тұрғын үйдің төртінші

қабатындағы пәтердің балконынан шыққан өртті байқаған. Жағдайдың қауіпті екенін бірден түсінген полиция қызметкері уақыт жоғалтпай оқиға орнына барған. Нұржан Нағашыбай пәтерге кіріп, өртті өз күшімен сөндіруге кіріскен. Тексеру барысында үй ішінде екі баланың ұйықтап жатқанын анықтап, оларды дереу оятып, қауіпсіз жерге алып шыққан.

"Полиция қызметкерінің жедел әрі батыл әрекетінің арқасында қайғылы жағдайдың алдын алу мүмкін болды", - делінген хабарламада.

16 АЗАМАТ АНЫҚТАЛДЫ

Қызылорда қаласы Полиция басқармасы патрульдік полиция қызметкерлері полицейлер жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында бірқатар құқық бұзушылықтарды анықтады. Атап айтқанда, апта көлемінде қала аумағында алкогольдік масан күйде көлік құралын басқарған 16 азамат анықталды.

Аталған тұлғаларға қатысты Қазақстан Республикасы-

ның Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 608-бабы бойынша әкімшілік хаттамалар рәсімделіп, жинақталған материалдар Қызылорда қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотына жолданды. Сот қаулысына сәйкес құқық бұзушылар 15 тәулікке әкімшілік қамаққа алынып, 7 жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылды.

РЕЙД ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



Қызылордада полиция қызметкерлері, БАҚ өкілдері және жергілікті атқарушы органдар бірлесіп ауқымды жедел-профилактикалық рейдтер жүргізуде. Негізгі мақсат қоғамдық тәртіпті нығайтып, тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Рейд барысында қала көшелері мен қоғамдық орындардағы тәртіп, жол қауіпсіздігі және құқық бұзушылықтардың алдын алу мәселелері басты назарға алынды. Нәтижесінде 358 әкімшілік құқық бұзушылық анықталды. Оның ішінде қоғамдық орынға мас күйде келудің 64, тыныштықты бұзудың 44, ортақ орындарды ластанудың 5 дерегі тіркелді.

Сонымен қатар 42 жасөспірімнің түнгі уақытта заңды өкілдерінің жүргені белгілі болды. Мұндай жағдайлар көмекке толмағандардың қауіпсіздігіне қауіп төндіретіні ескертілді. Ойын-сауық орындарында темекі өнімдерін, оның ішінде қалың тұтығудың 6 дерегінің жолы кесілді.

Мамандардың айтуынша, мұндай бірлескен шаралар құқық бұзушылықтың алдын алып, халықтың құқықтық мәдениетін арттыруға ықпал етеді. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасуда.

ЕСЕПТЕ ТҰРҒАН 548 АДАМ БАР

Қызылордалық полицейлер босатылған азаматтарды бақылау және қайта қылмыстың алдын алу жұмыстарын күшейтуде.

Қазіргі таңда қоғамдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қайта қылмыстың алдын алу – құқық қорғау органдарының негізгі міндеттерінің бірі. Осы бағытта Қызылорда облысының полиция қызметкерлері бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарды бақылау, оларды әлеуметтік бейімдеу және құқық бұзушылықтардың алдын алу бойынша кешенді жұмыстар жүргізуде. Облыс көлемінде бұл бағыттағы жұмыстар жергілікті атқарушы органдармен және өзге де құқық қорғау органдарымен бірлесіп жүзеге асырылуда. Негізгі мақсат – босатылған азаматтардың қоғамға бейімделуіне жағдай жасау және олардың қайта қылмыс жасауына жол бермеу.

Қазіргі таңда полиция органдарының профилактикалық есебінде 61 тұлға тіркелген. Сонымен қатар жалпы есепте 548 адам бар, олардың қатарында әкімшілік қадағалаудағылар, шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар және бұрын сотты болған азаматтар қамтылған.

Жыл басынан бері есепте тұрған тұлғалар арасында қайта қылмыстың алдын алу мақсатында бірқатар жедел-профилактикалық іс-шаралар өткізілді. Атап айтқанда,

«Қауіпсіз аула», «Алкогольсіз аула» және «Қаңғыбас» шаралары ұйымдастырылып, олардың барысында есептегі азаматтардың тұрғылықты мекенжайлары тексеріліп, профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Нәтижесінде шартты түрде мерзімінен бұрын босатылғандар, әкімшілік қадағалаудағы тұлғалар, пробация есебінде тұрған азаматтар, сондай-ақ қолайсыз отбасылар қамтылып, барлығымен құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сонымен қатар босатылған азаматтарды қайта әлеуметтендіру және жұмыспен қамту мақсатында тиісті мекемелерге ұсыныстар жолдануда. Бұл олардың тұрақты табыс көзіне ие болып, қоғамға толыққанды бейімделуіне мүмкіндік береді.

Полиция тарапынан профилактикалық есепте тұрған тұлғаларға бақылау күшейтілген. Әкімшілік қадағалау орнату бойынша сотқа енгізілген ұсыныстар қанағаттандырылып, талаптарды бұзған азаматтар заң аясында жауапкершілікке тартылды.

Жалпы Қызылордалық полицейлер бұл бағыттағы жұмыстарды тек бақылаумен шектемей, алдын алу және әлеуметтік қолдау шараларымен ұштастыра жүргізуде. Бұл өз кезегінде өңірдегі құқықтық тәртіпті нығайтуға және қауіпсіз қоғам қалыптастыруға оң әсерін тигізуде.

Хабарландыру

Барлық жол пайдаланушылары үшін
«ШалқияЦинк ЛТД» АҚ

Жылжымалы құрамдардың өтуі үшін кірме жолды ұсыну жөніндегі қызметтерге уақытша өтемдік тарифті енгізу туралы

Осы арқылы «ШалқияЦинк ЛТД» АҚ барлық тармақ пайдаланушыларды «табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 10), 12) тармақшалары, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 602-тармағының 1 тармақшасына сәйкес, сондай-ақ Қызылорда облысы бойынша ҚР ҰҰМ ТМРК 2026жылғы 8 сәуірдегі

№- 15 НҚ бұйрығының негізінде 2026 жылғы 1 мамырдан бастап жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды ұсыну бойынша қызметтерге вагон/км үшін ҚҚС-сыз 160,40 теңге мөлшерінде уақытша өтемдік тариф белгіленеді. Вагон / км үшін ҚҚС-сыз 132,53 теңге мөлшеріндегі ескі тарифтің қолданылуы тоқтатылады.

Сондай-ақ, тармақ пайдаланушылармен жоғарыда көрсетілген өзгерістерге сәйкес қолданыстағы шарттарға қосымша келісімдер жасалатын болады.

Құрметпен,
«ШалқияЦинк ЛТД» АҚ

2026 жылғы Штоқсанда М.Шәменов атындағы ауылдық округі әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде мемлекеттік мекеме қызметкерлерін жеке қабылдау кестесі

Р/с	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның орналасқан жері	Байланыс телефоны
1	2	3	4	5	6
1	Есжанов Галымжан Сансызбаевич	Ауылдық округі әкімі	Сейсенбі сағ:9.00-19.00-ге дейін	М.Шәменов атындағы ауылы, Мәмбет әулие көшесі, №26	37-3-96



ЖЕДЕЛ КОРОНАРЛЫҚ СИНДРОМ: белгілері, себебі және емі

Жедел коронарлық синдром – бұл жүрекке қан ағымының кенеттен төмендеуімен байланысты бірқатар жағдайларды сипаттау үшін қолданылатын термин.

Осындай жағдайлардың бірі – жүрек соғысы (миокард инфарктісі) – жасуша өлімі жүрек тінінің зақымдануына немесе жойылуына әкеледі, қан ағымының төмендеуі жүрегіңіздің жұмысын өзгертеді және инфаркт қаупінің жоғары белгісі болып табылады. Жедел коронарлық синдром – жедел диагностика мен емдеуді қажет ететін медициналық шұғыл жағдай.

Жедел коронарлық синдромның белгілері

Жедел коронарлық синдромның белгілері мыналар жатады:

- Кеудедегі ауырсыну (angina) немесе кеудедегі ыңғайсыздық, жиі ауырсыну, қысым, қысу немесе жану сезімі ретінде сипатталады
- Кеудеден ысқақ, қолға, іштің жоғарғы бөлігіне, арқаға, мойынға немесе жаққа таралатын ауырсыну
- Жүрек айнуы немесе құсу
- Ас қорытудың бұзылуы
- Енгіту (dyspnea)
- Кенеттен, қатты терлеу (diaphoresis)
- Бас айналу, бас айналу немесе естен тану
- Ерекше немесе түсініксіз шаршау
- Мазасыздық немесе қорқыныш сезімі.

Жедел коронарлық синдром – бұл шұғыл жағдайда жедел медициналық көмекті қажет етеді. Кеудедегі ауырсыну немесе ыңғайсыздық өмірге қауіп төндіретін кез келген ауыр аурудың белгісі.

Жедел коронарлық синдромның себептері

Жедел коронарлық синдром әдетте жүрек бұлшық еттеріне оттегі мен қоректік заттарды жеткізетін коронарлық артериялардың, қан тамырларының қабырғаларында және қабырғаларында майлы шөгінділердің (бляшкалардың) жиналуынан туындайды. Бляшка шөгіндісі жарылғанда немесе бөлінгенде қан ұйығышы пайда болады. Бұл тромб жүрек бұлшық еттеріне қан ағымын тоқтатады. Жасушаларды оттегімен қамтамасыз ету тым төмен болған кезде жүрек бұлшық еттерінің жасушалары өлуі мүмкін. Жасушалардың өлімі – бұлшық ет тінінің зақымдануы – (яғни миокард инфарктісі).

Тәуекел факторлары (риск)

Жедел коронарлық синдромның қауіпті факторлары жүрек ауруларының басқа түрлерінің қауіп факторларымен бірдей. Жедел коронарлық синдромның қауіп факторларына мыналар жатады:

- Қартаю
- Жоғарғы қан қысымы
- Жоғары қандағы холестерин
- Темекі шегу
- Дене белсенділігінің болмауы
- Дұрыс емес диета
- Семіздік немесе артық салмақ
- Қант диабеті
- Кеуде ауруы, жүрек ауруы немесе инсульттің отбасылық тарихы
- Жүктілік кезіндегі жоғары қан қысымы, преэклампсия немесе қант диабеті тарихы

Жедел коронарлық синдромның диагностикасы

Егер сізде жедел коронарлық синдромға байланысты белгілер болса, Сізге жедел жәрдем дәрігері бірнеше сынақтарды тағайындауы мүмкін. Дәрігер немесе фельдшер, Сізге симптомдарыңыз немесе медициналық тарихыңыз туралы сұрақтар симптомдардың сипаттамасына байланысты сұрақтарға нақты жауап беруге дайын болыңыз.

Ауру белгілері қашан пайда болды ?
- Симптомдар қанша уақытқа созылды?
- Қазіргі уақытта сізде қандай белгілер бар?
- Ауырсынуы қалай сипаттар еді?
- Ауырсыну қай жерде орналасқан?
- Ауырсынуың ауырлығын қалай бағалайсыз?
- Симптомдарды нашарлататын немесе азайтатын нәрсе бар ма?

Сонымен қатар теріңізге бекітілген электродтар көмегімен жүрегіңіздегі электрлік белсенділікті өлшеу мақсатында Электrokардиограмма (ЭКГ) түсіріледі. Қалыпты немесе тұрақты емес импульстар жүрекке оттегінің жетіспеушілігіне байланысты жүрегіңіздің дұрыс жұмыс істемейтінін білдіруі мүмкін. Электрлік сигналдардағы кейбір үлгілер бітелудің жалпы орнын көрсетуі мүмкін.

Жағдайыңыз туралы көбірек білу, симптомдардың басқа себептерін жоққа шығару немесе дәрігерге диагнозыңыз бен емдеуіңізді жекелендіруге көмектесу үшін, ауруханада басқа да қосымша, күрделі сынақтар жүргізіледі.

Жедел коронарлық синдромды емдеу Жедел коронарлық синдромды емдеудің

тікелей мақсаттары:

- Ауырсынуды және күйзелісті жеңілту;
- Қан ағымын жақсарту;
- Жүректің жұмысын мүмкіндігінше тез қалпына келтіру;

Ұзақ мерзімді емдеу мақсаттары – жалпы жүрек қызметін жақсарту, қауіп факторларын басқару және инфаркт қаупін азайту. Осы мақсаттарға жету үшін препараттар мен хирургиялық процедуралардың комбинациясы қолданылуы мүмкін.

Дәрі-дәрмектер

Диагнозыңызға байланысты шұғыл немесе тұрақты көмекке арналған дәрі-дәрмектер (немесе екеуі де) мыналарды қамтуы мүмкін:

- Тромболитиктер (қан ұйығыштары) артерияны бітеп тастайтын қан ұйығышын ертуге көмектеседі.
- Нитроглицерин қан тамырларын уақытша кеңейту арқылы қан ағымын жақсартады.
- Антиагрегаттар қан ұйығыштарының пайда болуын болдырмауға көмектеседі және аспирин, клопидогрел (Плавикс), прасутрел (Эффент) және басқа да препараттарды қамтиды.
- Бета-блокаторлар жүрек бұлшықеттерін босануға және жүрек соғу жылдамдығын бәсеңдетуге көмектеседі. Бұл препараттар жүрекке сұранысты төмендетеді және қан қысымын төмендетеді.

Дәрігер жүрек бұлшықеттеріне қан ағымын қалпына келтіру үшін, асқын жағдайларында келесі процедуралардың бірін ұсынуы мүмкін:

- Ангиопластика және стенттеу. Бұл процедурада дәрігер сіздің артерияңыздың бітеліп қалған немесе тарылған бөлігіне ұзын, кішкентай түтік (катетер) енгізеді. Тартылған аймаққа катетер арқылы сөнген баллон бар сым өткізіледі. Содан кейін баллон үрленіп, артерия қабырғаларына бляшка шөгінділерін қысу арқылы артерияны ашады. Артерияны ашық ұстауға көмектесу үшін әдетте артерияда торлы түтік (стент) қалады.
- Коронарлық шунттау операциясы. Бұл процедура арқылы хирург сіздің дененің басқа бөлігінен қан тамырларының бір бөлігін (трансплантат) алады және бітеліп қалған коронарлық артерияны айналы өтетін (айналайтын) қанның жаңа жолын жасайды.

Өмір салты және үйдегі дәрі-дәрмектер
Жүректің салауатты өмір салтын өзгерту инфарктың алдын алудың маңызды бөлігі болып табылады. Ұсыныстарға мыналар жатады:

- Темекі шегуге болмайды. Егер сіз темекі шегетін болсаңыз, оны тастау керек. Темекі шегуден бас тартуға көмек қажет болса, дәрігеріңізбен сөйлесіңіз. Сондай-ақ темекі шегуден аулақ болыңыз.
- Жүрекке пайдалы диетаны ұстаныңыз. Диетаны көп жемістер мен көкөністерді, тұтас дәнді дақылдарды, сондай-ақ майы аз сүт өнімдерін мен майсыз еттерді қалыпты мөлшерде жеңіз.

- Физикалық белсенді. Тұрақты жаттығулар жасануы және физикалық белсенді болыңыз. Егер сіз үнемі жаттығу жасамасаңыз, сау және қауіпсіз режимді бастау үшін ең жақсы жаттығу туралы дәрігеріңізден кеңес алыңыз.

- Холестеринді тексеріңіз. Дәрігердің кеңесінде қандағы холестерин деңгейін үнемі тексеріп отырыңыз. Майы жоғары, холестерині жоғары ет пен сүттен аулақ болыңыз. Егер дәрігер статинді дәрілерді тағайындаған болса, оны дәрігердің нұсқауы бойынша күнделікті қабылдаңыз.

- Қан қысымыңызды бақылаңыз. Дәрігердің ұсынысы бойынша қан қысымыңызды үнемі тексеріп отырыңыз. Ұсынылғандай қан қысымына қарсы дәрі қабылдаңыз.

- Салауатты салмақты сақтаңыз. Артық салмақ жүректі ауырлатады және жоғары холестерин, жоғары қан қысымы, қант диабеті, жүрек ауруы және басқа да жағдайларға ықпал етуі мүмкін.

- Стресті басқарыңыз. Жүрек соғысының қаупін азайту үшін күнделікті әрекеттеріңізді стресті азайтыңыз. Жұмыс әдеттеріңізді қайта қарастырыңыз және өміріңіздегі стрестік оқиғаларды азайтудың немесе жеңудің пайдалы жолдарын табыңыз. Егер сізге стресті басқаруға көмек қажет болса, дәрігеріңізбен немесе психикалық денсаулық сақтау маманының кенесін алыңыз.

- Алкогольді қалыпты мөлшерде ішіңіз. Алкогольді ішу қан қысымын арттырады.

Егер сізде кенет кеуде ауыруы немесе жедел коронарлық синдромның басқа белгілері болса, дереу жедел жәрдем шақырыңыз немесе жедел телефон нөміріне қоңырау шалыңыз.

Ардақ Нуралиева,
облыстық Медициналық жедел жәрдем стансасының фельдшері.



СЫР ТЕАТРЫ ТҮРКІСТАН ТӨРІНДЕ

Н.Бекежанов атындағы Қызылорда облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театры гастрольдік іс-сапар аясында Түркістан қаласында өнер көрсетті. Гастрольдік бағдарлама аясында театр ұжымы Шыңғыс Айтматовтың «Жемілі» драмасын сахналады. Аталған қойылым – адам жанының нәзік нірмдерін, махаббат пен адалдық, тағдыр мен таңдау мәселелерін терең бейнелейтін көркем туынды ретінде көрерменге ұсынылды.

Түркістандық көрермен спектакльді жоғары деңгейде қабылдап, театр әртістерінің қасиеті шеберлігіне ерекше ықылас білдірді. Қойылым барысында сахналық мәдениет, актерлік ойын мен режиссерлік шешім үйлесімді үндесіп, көрермен көңілінен шықты. Сонымен қатар, театр ұжымын түркістандық әріптестер жылы қарсы алып, шығармашылық байланыстарды нығайтуға бағытталған екі өңір арасындағы мәдени қарым-қатынасты одан әрі дамытып, тәжірибе алмасуға зор мүмкіндік берді.

Аталған гастрольдік бағдарлама ұлттық театр өнерін дәріптеуге, мәдени құндылықтарды кеңінен насихаттауға және өңіраралық рухани байланысты дамытуға бағытталған маңызды қадам болып табылады. Қойылым соңында театр басшысы Мұхтар Мәуленұлы Түркістандық әріптестерге, көрермендерге алғысын білдіріп, құрмет көрсетті.

Сондай-ақ, Түркістан қаласының әкімі Әзімбек Пазылбекулы сөз сөйлеп, әкімдік пен театр ұжымы атынан арнайы ықылас гүлін табыстады.

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ ӨТТІ

Өнер орталығында ҚР Мәдениет қайраткері, әнші, термеші Биби-Жар Маханбетқызының Қызылорда облысы әкімдігінің қолдауымен 70 жас мерейтойы аясында «Қызыма» атты жеке шығармашылық кеші өтті.

Кешке арнайы қатысқан облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет өнер иесіне аймақ басшысының құттықтауын табыстап, иығына қазақы қонақжайлықпен шапан мен жаулық жапты.

Мерейтойлық кеште қазақ эстрадасының жарық жұлдызы, танымал әнші, өнер иесінің қызы Ақбота Керімбекова, елімізге танымал жыршы-термеші, әнші Мейрамгүл Орашова, «Ақмешіт» фольклорлық ансамблі, «Томирис» би ансамблі және «Ай-Ал» заманауи би ансамбльдері өнер көрсетіп, көрермен қошеметіне бөленді. Кеш тізгінін танымал радиожүргізуші Гүлмира Нәлібай ұстап, руханият тойының шырайын келтірді.

Сахна сахнадағы Биби-Жар Маханбетқызы өз кезегінде қолдау білдірген азаматтарға, Сыр жұртшылығына шексіз ризашылығын білдірді.

«Ел тілегі» ақпарат



ӘНШЕН ӨРНЕКТЕЛГЕН ӨМІР

Бала күнімізден әндері құлағымызда қалды. Мақпалдай жұмсақ, әсемқоңыр, ғажайып саз жүректі тербеп, тыңдай бергіміз келетін. Ол жылдарда телевизор дегенің жоқ. Хабар, бар жаңалық, бар концерт әрбір үйге тартылған кішкене қорапша радиодан берілетін. Оның салған әндерін қалың елі қалт жібермейтін. Анық айтқан сөздері мен әуені үйлесе кететін. Әндерін өзіне ғана тән мәнерімен құбылта қайырғанда, құлпырып шыға келетін. Ол саналы ғұмырын әнмен өрнектеген ғажайып әнші Жамал Омарова еді. Тыңдаған жанның сағынышына айналған Жамал апамыз туралы аға буынның айтары аз емес. Табиғаттың сирек туындысы, қайталанбас дара тұлға халық жүрегінің төрінен берік орын алды, дауысы ұрпақтан ұрпаққа жетті және жалғасын таба берері сөзсіз.

Жамал Омарова 1912 жылы Өзбекстан Республикасы, Ташкент облысы, Жаңажол ауданы, «Қауыншы» ауылында дүниеге келген. Кішкентайынан әнге әуес болып өседі. 1925 жылы Ташкент қаласында өткен балалар олимпиадасында бас жүлдені иеленеді. Әкесі репрессияға ұшырағанын 16 жасынан бастап Ташкент радиосында ән салып, отбасын асырапты. Рафакта, Тауке институтында оқып жүрген кезінде де жұртты әншілігімен тәнті еткен. Жамалдың өнерге нық қадам басуына әкесінің үзегілес досы, Қазақстанның халық әртісі Құрманбек Жандарбеков себепші болды. Бірнеше халық әндерін үйретті. Сөйтіп ән салуға төселе бастайды. 1934 жылы қазақ музыка театры ашылып, Жамал Омарова соған шақырылды. Ол «Шұғадағы» Мақпал, «Айман-Шолпандағы» Айман, «Қыз Жібектегі» Қамқа образдарын сомдады. Арасында Қазақ радиосында ән салып тұрады.

«Алтын қорда» Жамал апаның 70-ке тарта әндері бар көрінеді. 1936 жылы Мәскеуде өткен Қазақстанның мәдениеті мен өнерінің онкүндігіне қатысқанда үш ән орындайды. Олар – «Ертіс», «Ләтипа» және «Қараторғай». Әншінің әсерлеп қайырған әндеріне қошемет білдірген Мәскеу көрермендері сатырлата қол соғып, әрбір әннен екі реттен қайталанған. Осы сәтте келген Михайл Калинин «Жаңағы ән салған Қараторғай ма, онда тыңдайды» деп отыра берген. Сонымен «Қараторғай» әні үш рет шыркалады. Калинин бір жыл бұрын қызметтік сапармен Алматыға келгенде Жамалдың «Қараторғайын» тыңдап кеткен екен. Онкүндіктің көркемдік жетекшісі Ахмет Жұбанов былайша еске алады:

– Ерtesіне бәріміз асыға күткен қорытынды концерт өтетін болып, Затаевич әншілер кіретін есіктің алдында немі күтіп тұр екен. Жылы лебізін білдіріп, қолымды қысты.

– Рахмет Александр Викторович, сіз үшін Жамал Омароваға Сырдың «Қа-раторғайын» орындатамын, – дедім.

Қорытынды концерт жоғары деңгейде өтіп, үлкен ризашылық тудырады. 1937 жылы Жамал Омарова Жамбыл атындағы мемлекеттік филармонияға әнші болып орналасты. Ел аралап концерт берді. Бірнеше ұлттың әндерін білетін. 1939 жылы өткен эстрадалық әншілердің бүкілодақтық байқауында жүлдегер атанды. Осы жолы ол өзбек халқының «Чайлы» әнін келістіре шырақайды. Өн Қазақ радиосының «Алтын қорында» сақталған.

Соғыс жылдарында Жамал Омарова дербес өнер бригадасын жасақтап, Солтүстік Батыс және Қиыр Шығыс майдандарына барған. Оқ пен оттың арасында жүрген жауынгерлердің алдында ән салды, рухын көтерді. 1945 жылы Мәскеудегі Одақтар үйінің колонна залында жеке концертін берген.

Өмірде аңқылдаған ашық, камқоршы ән жан-жағына мейірім-шуағын шашып жүретін жандар болады. Жамал апамыз сондай кісі болса керек. 1956 жылы Ташкенттегі музыкалық училищеде оқып жүрген Шәмші Қалдаяқовты Алматыға алдырып, консерваторияға түсіреді. Ол туралы Шәмші былай деп жазады: «Жас күнімде Жамал апамның үйінде тұрдым. Ол кезде халықтың тұрмысы нашар болатын. Бірақ Жамал апаның дастарқаны мол. Сол үйдің үлкен баласындай болдым. Жағдайым жаман болған жоқ».

Шәмші Қалдаяқов ақын Жүмекен Нәжмеденовтің сөзіне жазылған

«Менің Қазақстаным» әнінің нотасының жоғарғы бұрышына: «Апатайым Жамалға» деп жазып беріпті. Әнді алғаш орындаған да Жамал Омарова еді. Содан соң Қазақ радиосы «Менің Қазақстанымды» күнделікті беріп тұрған. Шәмшінің «Қайықта» әнін де алғаш орындаған екен.

Жамал Омарова Алматы қаласының қазіргі Қонаев көшесі №135 үйдің 75 пәтерінде тұрған. Дереккөздерде кейінірек әншінің бөлмесінде сақталған құжаттарды жинастырып және шығармашылық өмірінен деректі фильм жасағаны жазылады. 1960 жылы «Қазақ концертке» ауысып, жеке құраммен еліміздің түкпір-түкпірін аралап, өнер көрсетті.

Ұмытпасам, 1961 жылдың күзі еді. Кеңшар еңбеккерлерінің еккен егінін жинап алып, көтеріңкі көңілде демалып жүрген күндердің бірі болатын. Ауылға концерт келді. Кешкілік жұрт тайлы-таяғы қалмай клубқа жиналды. Бір күн бұрын концерт жетекшісі Жамал Омарова деп хабарлама ілінген. Концерт жүргізуші Тынышбек Бұйрабаев дауыс интонациясы ашық, дилмар екен. Сахна шымылдық әсірелеп, келістіріп ашты. Есімде қалғаны биік сәуекеле және кең етек көйлек пен оюлы қамзол киіп шыққан Жамал апайдың керемет жарасымды кейпі еді. Неше түрлі асыл тастармен безендірілген сәуке-лесінің салмағы 7 келі тартады екен. Сондықтан оны сахнаға шығар кезде ғана киген дегіті әншінің қызы Жұпар Омарова. Сол жолы ол Константин Ошлаков деген баяншының сүйемелдеуімен «Ышпыл», «Сәулем-ай» әндерінен бастап, Шәмші Қалдаяқов пен Әбілахан Еспаевтың бірнеше әндерін тамылжыта орындаған. Тыңдарман қауым дуылдата қол соғып, сүйікті әншісін сахнадан жібермеді. Кімнің шығарған әні екенін қайда, бір тамаша әннің қайырмасы есімде қалыпты:

Өзің сәулем іздегенім
Кездесуге жүз келемін
Сөйлесуге тіл жетпейді
Қиын екен қыз дегенім.

Балалық ғой, «сүз келгені несі» деген ойлаған.

«Айта айта Алтайды, Жамал апа қартайды» деген сөз тіркесі беріге дейін қолданылып келді. Ал енді «Алтай» әні қалай туды, соған келейік: композитор, өнер зерттеуші, Еңбек ері Лия Жақанов естелігінде: «Бір жылдары Жамал Омарова гастрольдік сапармен Алтай өлкесін аралап, концерттер береді. Әншінің ғажайып үні мен керемет орындаушылығына риза болған жұрт қоштасарда: «Апай, сәтін салса Алтайға тағы келерсіз, сізді сағына күтеміз, сонда Алтай туралы ән алып келінізші» деп өтініш жасайды. Алматыға келгенін Жамалдың есінен осы бір өтініш шықпай қойған. Ақыры Евгений Брусиловскийге қолжазды. Обалы нешік, композитор ән-әуеннің бірнеше нұсқа-ларын әкеледі, бірақ Жамалға ұнамайды. Арасында екеуінің сөзге келіп қалған кездері де болған.

Ақыры, сонау 40-жылдары ұмытылып, тартпасының бір бұрышында қалып қойған нота композитордың назарын аударды. Деру рояльға салып ойнап көрсе, тым-тәуір дүние екен. Бірнеше рет ойнайды. Жаксы шығып тұр.

Әншіге телефон шалады. Тұтқаны кешігінкіреп, селкос көтерген Жамалға:

– Жамалочка, тыңданышы бір ән шықты, мен нотасын ойнайын.

– Жарайды тыңдайын, ойнай қойыңыз.

– Міне, міне тұтқаны тастап қоймаңыз?

Күйсандықтан керемет музыка

төгіле берелі.

– Евгений Григорьевич, тезірек маған жеткізі!

– Мақұл, Жамалочка...

Нығмет Баймұхамедов мәтінін жазған ән елге тез тарайды:

– Өр Алтай, асқан Алтай, асқан Алтай,

Анамдай әлпештеген жастан Алтай.

Суы бал, көдесі бай, жері майса, Ағытқан сары алтынды тастан Алтай.

Елімнің ерке алқасы, Сымбаты сұлу жер Алтай.

Омырауда алтын алқасы, Отанымың кені Алтай, – деп басталып, шалқынған ән көп жылдар бойы Жамал апаның аузынан түспей төл құжатына айналып кетті» деп жазады. Шынығында «Алтай» әні тыңдаған құлақтың құрышын қандырғаны анық еді. Қазақстанның қай түкпіріне барса да, көрермен «Алтайды» құмарта тыңдады. Жамал Омарова қазақтың небір керемет халық әндерін, қазақ композиторларының нақышты әндерін сонымен қоса өзге ұлттардың да әндерін өз репертуарына кіргізіп, барған жерінде құйқылықта орындап, көрерменнің ыстық ықыласына бөленген әнші.

Қазақстанның халық әртісі Сара Тыныштығұлова ұстазы Жамал Омарованың аламы абзал қасиеттерін айта келіп, былай деп жазады:

– Сен қыздың соңғы кездері тамағың неге қырылдап жүр? – деп сұрады бірде.

– Салқын суға көрпе жуамыз, апай.

– Көрпе жуғаны несі?

– Жалдамалы пәтерде тұрамыз ғой, – деп сөз аяғын жұттым.

– Онда үйге кел, менің қолымда боласың, – деп мейірімін төге қарады.

Содан ұстазымың үйінде тұрдым. Маған апайымның сінірген еңбегі көп.

2022 жылы Жамал Омарованың 110 жылдығы өзінің кіндік қаны тамған Өзбекстанның Жаңажол ауданында кеңінен аталып өтіпті. Ұйымдастырушы Өзбекстандағы Қазақ мәдени орталығы екен. Ауқымды параға Қазақстаннан ұрпақтары мен туысқандары және бір топ әншілер қауым барып қайтқан. Оларға рахмет!

Мұны жезтандай әншіге деген көріліс елдегі қазақ диаспорасының бауырмалдық көңілі мен құрметі, шынайы ілтипаты деп түсінесіз керек.

Ақын Сағи Жиенбаев Жамал Омароваға арнаған «Апа» деген өлеңінің екі шумағын бере кетейік:

– Ән салсаң сары белден самал өріп,

Кететін ұлан-ғайыр дала кеңіп.

Өзінің ұқсайма екен дауысына, Кең дала қосылатын саған еріп.

Аққудай аспанымда әңгіз жүзіп, Тыңдайтын көрі-жастың бәрі үзіліп

Жалындап, қайраттанып, қайта түлеп,

Құлшынып отыратын қаны қызып...

Қазақ өнерінің мақтанышына айналған Жамал Омарова көзі тірісінде марапаттан кенде болмапты. «Қазақстанның халық әртісі» атағын алған. «Ленин», «Еңбек Қызыл ту» ордені және ондаған мемлекеттік медаль иеленген. Атақты әнші 1976 жылы өмірден озды. Бүгінде Шымкент қаласындағы №1 ауыз мектебі, Алматы қаласындағы Көкбөбеге дейін созылып жатқан көрнекті, ұзын көше Жамал Омарованың есімімен аталады.

Темірбек ЕСЖАНОВ,
Білім беру ісінің құрметті
қызметкері,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Меншік иесі:
«Сан-Ай» пресс ЖШС
Директор-Бас редактор
Егиншибаева Анар
Жақсыбекқызы

Жауапты хатшы
Зибаш ӘЛИ
8 705 982 76 61

Ақылдастар алқасы:
Әбілбай Садықбаев
Рысбай Керімов

Газет «Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінде қайта тіркеліп, 2025 жылдың 30 маусым айында еселіке алу туралы номері KZ 53VPY00123138 куәлігі берілген.

Республикалық «Ел тілегі» тәуелсіз ақпараттық, танымдық, қоғамдық-саяси газеті ҚР СТ ИСО 9001-2016 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған

Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №8729 – ғ, 19.10.2007 ж

Редакцияның
мекен-жайы:
Тоқмағанбетов
көшесі 36 а,
1 қабат 4 кабинет
Телефон:
8 777 752 54 63

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «PRINT» баспаханасында басылды. Қызылорда қаласы, Байтұрсыннов көшесі, 49 үй. Телефон: 27-61-62
Газеттің басылу саласына жауапты «PRINT» баспаханасы.

Газет әр аптаның сәрсенбі күні жарық көреді

Газетті тасымалдауға «Сан-Ай» пресс ЖШС Тел: 27-85-75 және «Қазпошта» АҚ Қызылорда облыстық филиалы жауапты
Тел: 23-54-91

Қолжазба өңделеді және авторға қайтарылмайды
Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді

Таралымы 8536 дана
Индекс 66503
Тапсырыс №84
E-mail: gazeta_eltilegi@mail.ru
Электронды нұсқасы:
https://ret-gazeta.kz/